

**2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 856 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы Қасымовқа 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2 6

т а м ы з д а ғ ы

№

8 5 6

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

**2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға  
Қосымша хаттама**

**I. Жалпы ережелер**

А. Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға (бұдан әрі – Меморандум) Меморандумның шарттарына сәйкес ағымдағы жобаларды және осы Қосымша хаттаманы қолдау мақсатында өзгерістер енгізуге келіседі. Жобалар мен олардың мақсаттары төмендегі II және III бөлімдерде толық сипатталған. 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Меморандумның барлық басқа міндеттемелері мен шарттары күшінде қалады және толық көлемде қолданылады.

В. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі төменде сипатталған жобалар шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне қосымша көмек үшін 937010 (тоғыз жүз отыз жеті мың он) АҚШ долларын ұсынады. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі Меморандумның және осы Қосымша хаттаманың шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін Америка Құрама Штаттары Үкіметінің басқа органдары және жағдайға байланысты басқа да институттары арқылы оқытуға ақшалай қаражат бөлу жолымен тиісті оқытуды және жабдықты береді.

С. Осы Қосымша хаттамада көзделетін қаржы қаражаты Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын күш-жігерде:

- 1) есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте;
- 2) адамдарды сатуға, есірткі заттарының, прекурсорлардың және басқа да контрабанданың заңсыз айналымына; террористер мен террористік сипаттағы материалдарды өткізуге; сондай-ақ заңсыз жолмен алынған табыстарды алып өтуге қарсы күрес мақсатында шекара қауіпсіздігін күшейтуде;
- 3) адамдарды сатуға қарсы іс-қимылда;
- 4) есірткіге сұранысты азайту мақсатында қабылданып жатқан іс-қимылда;
- 5) заңсыз жолмен алынған табысты жылыстатуға қарсы іс-қимылда жәрдем көрсетуге бағытталған бес жобаға қолданылады.

Д. Осы жобаларды қолдауда Тараптардың қабылдайтын іс-қимылдары мен ұсынатын ресурстары төменде көрсетілген.

Е. Осы жобалар бойынша қаржыландыруды бөлу Америка Құрама Штаттары Конгресінің жыл сайынғы мақұлдауы мен қорларға ақша бөлуіне, сондай-ақ оларды Америка Құрама Штаттары Мемлекеттік Департаментінің бекітуіне байланысты.

Ғ. Салықтар мен басқа да алымдар туралы ереже 1992 жылғы 20 мамырда қол қойылған «Қазақстан Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы жәрдем көрсетуді жеңілдету жөніндегі ынтымақтастыққа қатысты келісіммен» және ратификацияланған «Қазақстан Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы жәрдем көрсетуді жеңілдету жөніндегі ынтымақтастыққа қатысты келісімді ратификациялау туралы» 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

Ғ. тармағын қолдану үшін мынадай қағидалар қолданылады:

Осы Келісімнің шеңберінде өткізілетін кез келген іс-шара бойынша Қазақстан Республикасының тарапынан ұйымдастырумен айналысатын ведомство Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетіне және Салық комитетіне іс-шараларды іске асыруға жұмылдырылған адамдар туралы мәліметтерді х а б а р л а у ғ а т и і с ;

осы Келісімнің шеңберінде өткізілетін іс-шаралар шеңберінде кез келген жабдықты және тауарларды сатып алу және импорттау туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының тарапынан ұйымдастырумен айналысатын ведомство Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетіне және Салық комитетіне Қазақстан Республикасының кедендік шекарасын кесіп өткен сәтке дейін х а б а р л а у ғ а т и і с ;

Қазақстанның резиденттері емес қызмет көрсетушілерге төлемдерді Америка Құрама Штаттарының Үкіметі Қазақстан Республикасының қандай да бір ведомствосы арқылы емес, тікелей осы адамдарға төлейді.

## **II. Жобалардың сипаты, мақсаттары және бағалау**

### **A. Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі жоба**

1) Іске асыру мерзімі бес жылға дейінгі осы жоба құқық қорғау органдарының әлеуетін арттыру және өңірлік әрі халықаралық ынтымақтастықты ілгерілету арқылы есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл бойынша Қазақстан Республикасының күш-жігеріне жәрдем көрсетуді жалғастырады. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі тергеуді, қылмыстық тәртіппен қудалауды табысты жүргізу және есірткі сатушыларды жауапкершілікке тарту мақсатында Ішкі істер министрлігі Алматы Академиясының Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі ведомствоаралық оқу орталығының және басқа да оқу институттарының базасында есірткінің заңсыз айналымына қарсы күреске тартылған ведомстволардың жедел бөлімшелерінің қызметкерлері, сондай-ақ тергеушілер, прокурорлар мен судьялар үшін мамандандырылған оқу курстарын өткізуде қолдау көрсетуді жалғастырады. Осы жоба бұл жобаның кезең-кезеңімен іске асырылуына кепілдік береді. Сонымен қатар қаржы қаражаты тергеудің бастапқы кезеңінде есірткі қылмыстарын жасау нәтижесінде алынған табыстарды жылыстату бойынша фактілерді анықтау мәселелері жөніндегі оқу іс-шараларын және консультацияларды ұзақ уақыт бойы өткізуге бағытталады. Жобаның қаржы қаражаты есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды табысты тергеуді жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының құқық қорғау ведомстволары мен олардың шетелдегі әріптестері арасында кәсіби қатынастарды дамытуды қолдауға да бағыттталатын болады. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі

Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруге жәрдем көрсету мақсатында есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы заңнама мен басқа елдердің озық тәжірибесі жөніндегі ақпаратты ұсына алады.

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі: оқу іс-шараларын өткізуге арналған орынмен қамтамасыз етеді; есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес мәселелері және оқу іс-шараларына қатысы бар басқа да мәселелер жөніндегі ұлттық заңнама саласында мамандар болып табылатын тең нұсқаушыларды ұсынады;

жоба үшін қажетті ақпаратты (тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны, туған күні мен жері) қоса алғанда, оқу іс-шараларына қатысу үшін ұсынылған кандидаттардың тізімін іс-шара басталғанға дейін 15 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады;

Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы Елшілігіне жобаны іске асырудың әрбір жылдағы алынған есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың саны, есірткінің заңсыз айналымына байланысты ашылған қылмыстардың саны және іс жүргізудегі істер мен есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды жасағаны үшін шығарылған үкімдер саны туралы статистикалық деректерді ресми арналар бойынша келесі жылдың 31 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

3) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі: нұсқаушыларды, сарапшыларды және қажетті оқу материалдарын ұсынады; жобаның мақсаттары үшін қажетті сатып алулар жүргізеді; жобаның талаптарына сай келетін құжаттарды ұсыну бойынша қазақстандық тараптан семинарларға қатысушылардың көлік шығыстарын өтейді; қазақстандық қатысушыларға тәуліктік ақы береді.

4) Жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемшарттар бойынша бағаланады:

жоғары тұрған басшылар, сарапшылар мен оқытушылар оқу іс-шаралары шеңберінде немесе техникалық жәрдем көрсету арқылы алынған дағдыларды тергеуде және жедел іс-шараларын өткізуде қолданылатынын растайды; қатысушылар тергеу, қылмыстық тәртіпте қудалау және жауапкершілікке тарту жөніндегі іс-шараларды өткізу барысында кәсіби білімдерін көрсетеді; тергеудің бастапқы кезеңінде есірткі қылмыстарын жасау нәтижесінде алынған табыстарды жылыстату фактілерін анықтау саласындағы кәсіби дағдыларын көрсетеді.

## **В. Шекара қауіпсіздігін күшейту жөніндегі жоба**

1) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (бұдан әрі – Шекара қызметі), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті (бұдан әрі – Кедендік

қызмет) мен Америка Құрама Штаттарының құқық қорғау органдары арасында кәсіби қатынастарды дамытуға жәрдем көрсетуді жалғастырады. Қаржы қаражаты Қазақстан Республикасы шекарасының су және құрлық учаскелерінде операцияларды табысты өткізу мақсатында Шекара қызметінің, Кедендік қызметтің және осы ведомстволар жанындағы оқу институттарының қызметкерлеріне арналған мамандандырылған оқу іс-шараларын ұйымдастыруға бағытталады. Қаржы қаражаты оқу процесінің тиімділігі үшін қосалқы құралдар ретінде оқу өнімдерін әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Іске асыру мерзімі бес жылға дейінгі жоба шеңберінде кинологиялық қызметтердің ғылыми әлеуетін дамыту және қызметтік иттері бар кинолог мамандарға арналған есірткіні, жарылғыш заттарды және басқа да контрабанданы іздеуге үйрету, сондай-ақ қылмыстық және террористік актілердегі күдікті адамдардың іс-қимылдарының жолын кесу жөніндегі оқу курстарын өткізу бойынша жәрдем көрсетіледі. Бұл жоба сондай-ақ жағалау күзет мәселелері бойынша Шекаралық қызметтің қызметкерлері үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізуге бағытталады болады.

2) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:

есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау мәселелері және оқу іс-шараларына қатысы бар басқа да мәселелер жөніндегі ұлттық заңнама саласында мамандар болып табылатын тең нұсқаушыларды ұсынады;

оқу іс-шараларын өткізуге арналған орынмен қамтамасыз етеді;

бар болған жағдайда оқу процесіне арналған жабдықты ұсынады;

жоба үшін қажетті ақпаратты (тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны, туған күні мен жері) қоса алғанда, оқу іс-шараларына қатысу үшін ұсынылған кандидаттардың тізімін іс-шара басталғанға дейін 15 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады;

Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы Елшілігіне жобаны іске асырудың әрбір жылдағы алынған есірткінің, психотроптық заттардың, прекурсорлардың, өткізу пункттерінде ұсталған заңсыз мигранттардың, контрабандалық тауарлардың саны туралы статистикалық деректерді ресми арналар арқылы келесі жылдың 31 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

жобаның мақсаттары үшін қажетті сатып алулар жүргізеді;

нұсқаушылар мен оқу материалдарын ұсынады;

жобаның талаптарына сай келетін құжаттарды ұсыну бойынша қазақстандық тараптан оқу семинарларына қатысушылардың көліктік шығыстарын өтейді;

қазақстандық қатысушыларға тәуліктік ақы береді;

Америка Құрама Штаттары Үкіметінің қаржыландыруы есебінен өткізілетін алдағы тренингтер мен семинарлар туралы ақпаратты іс-шара басталғанға дейін 30 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

4) Жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай критерийлер бойынша бағаланады:

Есірткіге қарсы халықаралық күрес және заңдылықты сақтау бөлімі (бұдан әрі – INL Бөлімі) бағдарламасы шеңберінде оқудан өткен кинологтар командалары қоғамдық іс-шараларды қамтамасыз етуді қоса алғанда, қауіпсіздікті қамтамасыз ету операцияларына, есірткі құралдары мен жарылғыш заттарды іздеуге, сондай-ақ қылмыстық және террористік іс-қимылдарда күдіктілерді ұстауға тартылады; шекара және кеден қызметтерінің өкілдері оқу іс-шаралары шеңберінде оқып-зерделеген әдістерді ескере отырып, шекараның құрлық және су учаскелерінде құқық қорғау операцияларын табысты жүргізеді.

### **С. Адамдарды сатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі жоба**

Іске асыру мерзімі бес жылға дейінгі жоба адам саудасы құрбандарын табысты анықтау, адам саудасына байланысты істер бойынша тергеу мен қылмыстық қудалау және адам саудалаушыларды жауапкершілікке тарту бойынша құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, прокурорлар мен судьялардың, сондай-ақ басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін арттыру бағдарламасын жалғастырады. INL Бөлімі Криминалдық полиция комитетінің адам трафигіне қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған топтарынан жедел қызметкерлерді, көші-қон полициясы бөлімшелерінің қызметкерлерін, учаскелік инспекторларды, кезекші инспекторларды, тергеушілерді, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) қызметкерлерін, еңбек инспекторларын және Қазақстан Республикасында адам саудасы мәселелерімен айналысатын басқа да мемлекеттік қызметшілерді оқытуды қаржыландырады.

INL Бөлімі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды академиясы Заңсыз көші-қонға және адам саудасына қарсы күрес жөніндегі оқу орталығының, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Біліктілікті арттыру институтының, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Сот төрелігі институтының базасында семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар өткізуді қаржыландырады. INL Бөлімі оқу іс-шараларын өткізу үшін жергілікті және халықаралық оқытушыларды/сарапшыларды ұсынады, олардың келуіне байланысты шығыстарды және гонорарларды өтейді, сондай-ақ оқу материалдарын жариялауды қаржыландырады. Кейбір оқу іс-шаралары Қазақстанның түрлі өңірлерінде, сол жерлерде қатысушылардың көбірек санын қамту үшін үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен облыстық немесе өңірлік деңгейде өткізілетін болады. INL Бөлімі мемлекеттік органдар өкілдерінің адам саудасы сияқты қылмыстың анықтаудан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартуға дейінгі барлық кезеңдердерін түсінуін жақсарту үшін оларға арналған кейбір семинарларды және/немесе шетелге танысу турларын қаржыландырады. Қаржы қаражатының бір бөлігі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заңсыз көші-қонға және адам саудасына қарсы

күрес жөніндегі оқу орталығын дамытуға бағыттталатын болады.

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

оқу іс-шараларын өткізуге арналған орынмен қамтамасыз етеді;  
адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері және оқу іс-шараларына қатысы бар  
басқа да мәселелер бойынша ұлттық заңнама саласында мамандар болып табылатын  
тең нұсқаушыларды ұсынады;

қажетті ақпаратты (тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны, туған күні мен жері) қоса  
алғанда, оқу іс-шараларына қатысу үшін ұсынылған қызметкерлердің тізімін іс-шара  
басталғанға дейін 15 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады;

Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы Елшілігіне жобаны  
іске асырудың әрбір жылдағы Қазақстан Республикасындағы қамаудың, іс жүргізудегі  
істердің және шығарылған сот үкімдерінің саны бойынша статистикалық деректерді  
ресми арналар арқылы келесі жылдың 31 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

3) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:

халықаралық және жергілікті сарапшыларды және оқу материалдарын ұсынады;

жоба мақсаттары үшін қажетті сатып алулар жүргізеді;

Америка Құрама Штаттары Үкіметінің қаржыландыруы есебінен өткізілетін алдағы  
тренингтер мен семинарлар туралы ақпаратты іс-шара басталғанға дейін 30 жұмыс  
күнінен кешіктірмей ұсынады.

4) Жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай критерийлер бойынша  
бағаланады:

жоғары тұрған басшылар, сарапшылар мен оқытушылар қатысушылардың адам  
саудасы құрбандарын анықтау саласында өткізілген оқу іс-шаралары шеңберінде  
немесе көрсетілген техникалық жәрдем арқылы, сондай-ақ жедел және тергеу  
іс-әрекеттерін жүргізуде алған кәсіби білімдерін қолданатынын растайды;

қатысушылар тергеу, қылмыстық тәртіпте қудалау жүргізу және жауапкершілікке  
тарту барысында кәсіби білімдерін көрсетеді, мұның растамасы жүйелі түрде табысты  
жүргізілген тергеу, қылмыстық тәртіпте қудалау және жауапкершілікке тарту болады.

## **D. Есірткіге сұранысты азайту бойынша шараларды күшейту жөніндегі жоба**

1) Іске асыру мерзімі бес жылға дейінгі осы жоба шеңберінде Қазақстан  
Республикасы Үкіметіне есірткіге сұранысты азайту саласында жәрдем көрсету  
бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен және басқа да тиісті  
ведомстволармен жұмыс жалғасады. Жоба шеңберінде мектеп инспекторларын оқыту,  
оқытушыларды оқыту, ақпараттық кампаниялар өткізу, оқу материалдарын шығару  
және жұртшылықтың хабардар болуын және нашақорлықтың алдын алуға арналған  
ресурстарды арттыру үшін оқу іс-шараларын жүргізу қаржыландырылады.

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

оқу іс-шараларын өткізуге арналған орынмен қамтамасыз етеді;  
қолда бар оқу жабдығын ұсынады;  
жобаға қатысуға ұсынылған кандидаттардың тізімін (тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны, туған күні мен жері) іс-шара басталғанға дейін 15 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

3) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі: оқытушыларды/сарапшыларды және қажетті оқу материалдарын ұсынады; техникалық көмек көрсетеді және консультанттарды ұсынады; Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары Үкіметтерінің өзара шешімі бойынша қажетті жабдықты ұсынады.

4) Жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша бағаланады:  
қазақстандық мектептердің бағдарламаларына енгізу үшін есірткіге сұранысты азайту мәселелері жөніндегі курсты әзірлеу;  
Қазақстан Республикасында мектептердің оқушылары есірткіге сұранысты азайту саласында ақпараттық материалдарды алады.

## **Е. Заңсыз жолмен алынған табысты жылыстатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі жоба**

1) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігімен (қаржы полициясы) және басқа да тиісті ведомстволармен ынтымақтастықта заңсыз жолмен алынған табыстарды жылыстатуға қарсы күреске арналған қажетті техникаға үйретеді. Осы Келісім жобаның бес жылға дейінгі мерзімде кезең-кезеңімен іске асырылуына кепілдік береді. Оқыту экономикалық және қаржы қылмыстарын тергеумен және қылмыстық қудалаумен айналысатын Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдарының өкілдері үшін, сондай-ақ экономикалық қызметтің қаржы мониторингіне жауаптылар және Қазақстан Республикасында экономикалық және қаржы ұйымдарының қызметін қадағалауды жүзеге асыратындар үшін жариялы болады.

Америка Құрама Штаттары Үкіметінің көмегіне күмәнді операциялар туралы хабарламаларды анықтауға және одан әрі өңдеуге және талдауға оқытуды, есеп беруге міндетті ұйымдарды және басқа да тиісті субъектілерді қадағалау жөніндегі озық тәжірибеге үйретуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіне, жеке сектор өкілдеріне көрсетілетін техникалық жәрдем де кіреді.

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі: оқу іс-шараларын өткізуге арналған орынмен қамтамасыз етеді;



қолда бар оқу жабдығын ұсынады;  
жобаға қатысуға ұсынылған кандидаттардың тізімін (тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны, туған күні мен жері) іс-шара басталғанға дейін 15 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады;

ақшалай қаражатты жылыстатуға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ұлттық заңнама саласында және оқу іс-шараларына қатысы бар басқа да салаларда мамандар болып табылатын жергілікті нұсқаушылардың қатысуын қамтамасыз етеді.

2) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі: нұсқаушыларды/сарапшыларды және қажетті оқу материалдарын ұсынады; Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары Үкіметтерінің өзара шешімі бойынша қажетті жабдықты ұсынады; жергілікті серіктестіктермен ынтымақтастықта Америка Құрама Штаттары Үкіметі қаржыландыратын іс-шаралар кезінде техникалық қолдау көрсетеді.

3) Жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша бағаланады:

Қазақстан Республикасының ресми статистикасында көрсетілген, ақшаны жылыстату жөніндегі маңызды істерді табысты қылмыстық қудалау; оқудан өткен қатысушылар күмәнді операцияларды анықтау тәсілдері, сондай-ақ осындай қызметті талдаудың үздік тәсілдері туралы білімдерін растайды; Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Қаржы мониторингі комитетінің құқық қорғау органдарына берген есептерге негізделген ақшалай қаражатты жылыстату жөніндегі істерді табысты ашу.

### **III. Бағалаудың жалпы жоспары**

А. Осы Қосымша хаттаманың II бөлімінің А-Е-тармақтарында көрсетілген жобалардың әрқайсысын бағалау кезінде Тараптар:

1) осы Қосымша хаттамаға қол қойған күннен бастап жылына кемінде бір рет: жобалардың әрқайсысын іске асыру нәтижесінде қол жеткізілген мақсаттарды; жетілдіру немесе жобаларға өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды талқылау үш і н к е з д е с у г е .

2) жобаларға енгізілген алдыңғы өзгерістердің қаншалықты табысты болғанын т а л д а у ғ а к е л і с т і .

В. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Америка Құрама Штаттары Үкіметінің өкілдері жоғарыда баяндалған мақсаттарға қол жеткізуде табысты бағалау критерийлеріне сәйкес әрбір жоба бойынша жасалған жұмыстың нәтижелерін бағалауды жүргізеді және болашақ жобаларды іске асыру тиімділігін арттыру мақсатында табыстарды және кемшіліктерді айқындайды. Тараптар жүргізілген бағалаудың нәтижелері бойынша бірлесіп қорытынды мен есеп дайындайды.

Бағдарламалар мен іс-шаралардың ағымдық мониторингіне қосымша бұл бағалауды Тараптар айқындаған тиісті қызметкерлер жүргізеді.

#### **IV. Жалпы ережелерге толықтыру**

##### **А. Есірткінің заңсыз айналымының анықтамасы**

Есірткінің заңсыз айналымы заңсыз егу, өндіру, дайындау, тарату, сату, қаржыландыру немесе тасымалдау мақсатында жасалған кез келген әрекетті, сондай-ақ есірткі немесе психотроптық заттарға, прекурсорларға немесе басқа да бақыланатын заттарға жатқызылатын, заңсыз жолмен алынған табыстарды жылыстатуды қоса алғанда, кез келген құқық бұзушылықты (заңсыз жолмен алынған табыстардың шынайы шығу жерін, көзін, бөлінуін, қозғалысын немесе тиесілігін жасыру немесе жасырып қалу мақсатында оны алып өту, басқа шотқа аудару, басқа валютаға өзгерту, айналдыру немесе заңды жолмен алынған табыстармен араластыру процесі ретінде айқындалады) жасау мақсатында астыртын дем беруді, айдап салуды, қылмысқа қатысуды және қылмыстық сөз байласуды білдіреді.

##### **В. Қаржы қаражаты аудиті**

Үздіксіз қаржыландыру жағдайында Америка Құрама Штаттары Үкіметінің есептілігі бойынша ағымдағы бақылау талаптарына сәйкес қаржыландыруға жыл сайын тексеру (аудит) жүргізіледі.

#### **V. Қорытынды**

Осы Қосымша хаттама оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар осы Қосымша хаттамада көзделген барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін өз қолданысын тоқтатады.

2013 жылғы « » Астана қаласында, әрқайсысының бірдей күші бар қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі данада жасалды.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Америка Құрама Штаттарының*

*Үкіметі үшін*

**Қазақстан Республикасы Үкіметі мен  
Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы  
келісімге Қосымша**

Негізгі келісім  Келісімге толықтыру  Қосымша

Негізгі келісімге қол қойылған күн: 12/12/2002 Қосымша хаттама №: 11  
Келісім нөмірі: 2003-01

Жоғарыда көрсетілген тараптар жобаны Келісімде көрсетілген шарттарға сәйкес іске асыруға келіседі.

Жобаның сипаты  Стандарттық ережелер  А қосымшасы  В қосымшасы

АҚШ Елшілігіне бөлінген және осы Келісімде облигацияланған қаржы қаражаты: \$ 937010

Бөлу үшін қолда бар, бірақ Вашингтондағы INL бөлімі ұстап қалған қаржы қаражаты: \$ 0

Осы Келісім шеңберінде бөлінген жалпы сома: \$ 937010

Сома, қаржы бөлу, қаражатты бөліп беру: \$ 937010 – 1911121022.0000 - 0643  
Қосалқы облигациялаудың жүзеге асырылатын күні: 2013 жылғы 30 қыркүйек

Қаражаттың бар-жоғын растау (Қаржы менеджері): \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін Америка Құрама Штаттарының Үкіметі үшін

Күні: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

## Жобалар бойынша қаржыландыруды бөлу

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы келісім шеңберінде бөлінген жобаларды қаржыландыру

## АҚШ Елшілігіне бөлінген қаржы қаражаты

Бөлінген қаржы коды: 1911121022.0000 Бөлу коды: 0643

Жобаның нөмірі	Жобаның атауы	Жалпы сомасы
IN23KZ03	Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес (бұрын – есірткінің жолын кесу)	\$ 240000
IN14KZ04	Шекара қауіпсіздігі (бұрын – шекара қауіпсіздігі саласындағы қайта ұйымдастыру, реформа және операциялар)	\$ 159000
IN35KZ06	Адам саудасына қарсы іс-қимыл (бұрын – адам саудасы)	\$ 246000

IN25KZ08	Есірткіге сұранысты азайту	\$ 120000
IN32KZ02	Заңсыз жолмен алынған табыстарды жылыстатуға және қаржы қылмыстарына қарсы іс-қимыл	\$ 172010
Жиыны	Барлық жобалар бойынша	\$ 937010

## INL кеңсесінде облигациялау үшін ұсталған қаржы қаражаты

Бөлінген қаржы коды:

Бөлу коды:

<u>Жобаның нөмірі</u>	<u>Жобаның атауы</u>	<u>Жалпы сомасы</u>
		\$
		\$
		\$
		\$
Жиыны	Барлық жобалар бойынша	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК